

## Базалық лауазымдық айлықақының мөлшерін бекіту туралы

### *Күшіні жойғал*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы N 8 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы  
№ 1359 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.21 № 1359 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы 4-тармағының 1) тармақшасын іске асыру және мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық лауазымдық айлықақының м ө л ш е р і :

лауазымдық айлықақылар мен әскери атақтар бойынша айлықақыларды, коэффициенттерді қолдана отырып, арнайы атақтар мен сыныптық шендер үшін қосымша ақыларды, сондай-ақ қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыларды және еңбектің зиянды және қауіпті жағдайлары үшін ө т е м а қ ы л а р д ы ;

мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің коэффициенттерді қолдана отырып, лауазымдық айлықақыларын (ставкаларын), сондай-ақ еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақыларын есептеу үшін 5353 теңге деңгейінде белгіленсін.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*